



## **Солтүстік Қазақстан облысы су объектілеріндегі жалпы су пайдаланудың Ережелерін бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 3 шілдедегі N 24/16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 7 шілдегі N 1626 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 19 тамыздағы N 37/4 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.08.19 N 37/4 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 шілдедегі N 481 Су Кодексінің 38-бап 1 тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 бап 1 тармақ 8 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы су объектілеріндегі жалпы су пайдаланудың қоса берілген Ережелері бекітілсін.
2. Осы шешім әділет органдарында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Облыстық мәслихаттың Облыстық  
XXIV сессиясының төрағасы мәслихаттың хатшысы  
Үшінші шақырылған облыстық мәслихаттың  
XXIV сессиясының 2006 жылғы 3 шілдедегі  
№ 24/16 шешімімен бекітілді

## **Солтүстік Қазақстан облысы су объектілеріндегі жалпы су пайдаланудың ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы жалпы су пайдаланудың Ережелері (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің 2006 жылғы 9 ақпандағы № 18 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында жалпы су пайдаланудың Типтік ережелеріне сәйкес әзірленді, меншік нысанына және азаматтығына қарамастан, барлық заңды және жеке тұлғаларға атқару үшін міндетті Солтүстік Қазақстан облысы аумағында орналасқан су объектілерінің жалпы су пайдаланудың тәртібін регламенттейді.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы су пайдалануға жататын су объектілері:

- 1) техникалық құралдарды қолданбай жер үсті су көздерінен су алу кезінде;
- 2) жалпы демалу, туризм және спорттық нысандарды қайта қалпына келтіру мақсаттарында;
- 3) кіші және желкенді судаларда жүзу үшін;
- 4) малды суару үшін.

2. Жалпы су пайдалану, жалпы су пайдаланудың объектілерінде, сонымен қатар, жалпы су пайдаланудың объектілеріне жатпайтын су объектілерінде жүргізілуі мүмкін және рұқсаттың болуын талап етпейді.

3. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында, санитарлы-эпидемиологиялық және ветеринариялық қадағалау саласындағы өкілетті органдардың келісімімен жергілікті атқарушы органдар шомылуға, ауыз су және тұрмыстық қажеттіктерге су алу үшін, малды суаруға тыйым салынған орындарды белгілейді.

4. Азаматтардың судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету су объектілері иегерлерінің жауапкершілігі мен міндеттері, суды пайдаланушылар және ұйымдар (меншік нысанына қарамастан) Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаларымен айқындалады.

## **2. Ерекше жағдайлардағы жалпы су пайдалану**

5. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін, тұрғылықты халықтың денсаулығын, қоршаған табиғи ортаны және тарихи-мәдени мұраны, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсаттарында жекелеген су объектілерін немесе олардың бөліктерін пайдалануға шектеулер, тоқтата тұрулар немесе тыйым салулар енгізілуі мүмкін.

6. Жеке немесе бірлесіп пайдалануға берілген су айдындарында осы ережелермен бекітілген жалпы су пайдаланудың талаптары есепке алынады.

7. Жалпы су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін жеке немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, облыстың жергілікті өкілді органдарына мәлімдеме тапсырады, онда оларды қабылдаудың қажеттігі негізделеді.

8. Қауіпсіз жүзуді сақтау мақсатында желкенді және айдарлы кемелердің қозғалыстарын шектеу, Көлік және қатынас министрінің 1999 жылғы 30 қарашадағы 849 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы ішкі су жолдарымен жүзу Ережелерімен реттеледі.

9. Жалпы су пайдалануға тыйым салу немесе оны шектеу жөніндегі ақпараттық белгілерді орнату жөніндегі шығындар, осы су объектілері оларға жеке немесе бірлесіп су пайдалануға берілген су пайдаланушылардың есебінен

ж ү р г і з і л е д і .

10. Бекітілмеген су объектілерінде Ережені бұзғаны үшін айыппұл мөлшері туралы ескертулері бар тыйым салатын белгілер мен плакаттарды орнату жергілікті атқарушы органдармен қамтамасыз етіледі.

11. Су объектілерін жалпы су пайдалану тәртібінде, мал суару үшін пайдалану, ауыз сумен жабдықтаудың су көздерін санитарлық қорғау аумақтарынан тыс жерлерде және су объектілерін ластанудан қорғайтын құрылғылар болса ғана рұқсат етіледі. Басқа жағдайларда жергілікті атқарушы органдар суару алаңшаларын жайластыру жөніндегі шараларды жүргізеді.

12. Суда жүзетін жабайы құстар мен терісі бағалы аңдардың, балық ресурстары мен басқа да су жануарларының мекен-жайы болып табылатын су объектілерінде, жалпы су пайдалану, суды кешенді пайдаланудың талаптарын ескере отырып, аң және балық шаруашылығы ұйымдары мен кәсіпорындары келісім берген жағдайда мүмкін болады.

13. Суда шомылуға және басқа жағдайларда жалпы су пайдалануға тұрғындар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, арнайы ақпараттық белгілермен немесе басқа әдістермен жария етіледі.